

«ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОҚУ-АҒАРТУ
МИНИСТРЛІГІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«МИНИСТЕРСТВО
ПРОСВЕЩЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»

БҰЙРЫҚ

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ _____

город Астана

**«Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу»
пилоттық жобасын өткізу туралы**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 15 тамыздағы мұғалімдердің республикалық тамыз конференциясының қорытындысы бойынша еңбекқорлық идеясын іске асыруға баса назар аудара отырып, білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын жандандыру бойынша берген хаттамалық тапсырманың 1.5-тармағын орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2026 жылғы қаңтар мен желтоқсан аралығында Қазақстан Республикасының 100 мектепке дейінгі ұйымында «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасы (бұдан әрі – Пилоттық жоба) өткізілсін.

2. Бекітілсін:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» Пилоттық жобасын іске асыру алгоритмі (бұдан әрі – Алгоритм);

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Пилоттық жобаны іске асыру үшін Қазақстан Республикасының 100 мектепке дейінгі ұйымының тізбесі.

3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» республикалық мемлекеттік мекемесі:

1) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Мектепке дейінгі білім беру департаментіне тоқсан сайын есеп бере отырып, Пилоттық жобаның іске асырылу мониторингін қамтамасыз етсін;

2) 2026 жылғы 7 желтоқсанға дейінгі мерзімде Пилоттық жобаны іске асыру қорытындысы бойынша талдамалық есеп әзірлесін.

4. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары Пилоттық жобаны іске асыру мен ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Мектепке дейінгі білім беру департаменті (М.Е. Адамова) осы бұйрықты Балаларды ерте дамыту

институты мен облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының назарына жеткізсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

7. Осы бұйрық оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы**

М. Мелдебекова

Барон Лада Анатольевна 24.11.2025 17:54

Согласовано

24.11.2025 16:58 Исакова Гульнара Кайролловна

24.11.2025 16:59 Адамова Манара Елекеновна

24.11.2025 17:10 Амиржанова Батес Умирбековна

24.11.2025 17:31 Акитаева Гульден Бериковна

Подписано

24.11.2025 17:43 Мелдебекова Майра Турганбаевна



Барон Лада Анатольевна 24.11.2025 17:54